



030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актөбе, пр. Абилкайыр хана, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

2020 жылғы 26. 02 № _____

2020 жылғы 26 ақпанда
облыстық мәслихаттың
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі
О.С.Оразалинге

Депутаттық сауал

Құрметті Оңдасын Сейілұлы!

Байғанин ауданына қарысты Жаңатаң ауылында 500-ден астам тұрғын тұрады. Осы ауылдың бір топ тұрғындарынан менің атыма хат келіп түсті.

Жаңатаң ауылында тұратын халықтың тұрмысы түзеліп, өткен жылдың аяғында ауыл үйлеріне көптен күткен көгілдір отын кіріп, халық игілігін көруде. Соңғы үш жылда тұрғындар санында да өсім бар.

Алайда, ауыл тұрғындарын үлкен әлеуметтік маңызы бар С.Ешбаев атындағы орта мектепке газ тартылмай қалу қаупі алаңдатып отыр.

Мектеп 1997 жылы табиғи тастан бейімделіп, қосымша ғимараты ағаш қалқаннан салынған. Табиғи тас құрылыс материалы болып саналмағандықтан, техникалық және санитарлық талаптарға сай келмейді.

Оқушылардың заман талабына сай сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы Жаңатаң ауылынан 100 орындық мектеп құрылысын салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілген болатын. Осы уақытқа дейін қаражат бөлінбеуіне байланысты құрылыс жұмыстары басталған жоқ. 2020 жылы бюджеттен қолдау табылмаса, жобалық-сметалық құжаттаманың мерзімі де өтіп кетеді.

Бұл мәселе 2019 жылғы 30 қазанда өткен Ақтөбе облыстық мәслихатының «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының кеңейтілген жиналысының хаттамалық тапсырмаларына енгізілген.

Жоғарыдағы жағдайды баяндай келе, шалғай жатқан аудан тұрғындарының мұң-мұқтажын ескеріп, аталған мәселенің оң шешімін табуына ықпал етуіңізді өтінемін.

Қосымша: 2 бетте Байғанин ауданының Жаңатаң ауылы тұрғындары хатының көшірмесі

Құрметпен,
Облыстық
мәслихаттың депутаты

Ә.Сарманова

Ақтөбе облыстық мажилисінің
депутаты
Сарманова Әсел Серікқұзына
Қақатаң ауылының
тұрғындары атынан

Арыз.

Байғанин ауданынан 110 шағын жерде
орналасқан Қақатаң ауылы бар. Қазіргі
жазыпта халық саны 500-ден астам. Тұрғын-
дардың басты кәсібі мал шаруашылығы.

2012 жылдың қаңтар айынан бастап ауылымыз-
ға көптен күткен көпшілік отырысы келді.
Майда, 1994-ж. қара таспен салынған және
апаттық жағдайда тұрған С. Сидбаев атындағы
орта мектепке газ қорытқымен қазу қажеті
бар. Соған 2-3 жылдық мерзімде ауылымызда
бала туу көрсеткіші жоғарыда. 2017 жылы
ауылымызға заманауи типтегі мектептің
сметаның құрастырылып дайындалғандығын және
іле шала мектеп салуға қаржысыз көп малам
етілуіне байланысты наразылығымыз өстідік.

Құрметті Әсел Серікқұзы!

Сіздер жоғарыда айтылған мәселелерді өкпе
атырып, халықтың тұрақтылығын сақтау
мақсатында Қақатаң ауылына жаңа типтегі
мектептің салынуына қаржысыз қалыптан құрал
етілуіңізді халық атынан сұраймыз.

Қазағатаз ауылдық округінің тұрғындары:

1. Байғұров Қажат Байғұ
2. Абдиев Құрманбек Абдиев
3. Аппалова Қармылған Аппал
4. Кемешов Мәлімбай Кемеш
5. Қайырлыма Ақсарына Қайыр
6. Абдуллин Мидарбек Абдуллин
7. Балқисімов Шырбай Балқисімов
8. Оразғалиев Арманбай Оразғалиев
9. Миспақов Қатбай Миспақов
10. Жақсыбай Зейнұлы Жақсыбай
11. Құрманбеков Тұрнар Құрманбеков
12. Сәлімов Шамал Сәлімов
13. Қарманов Мұстаф Қарманов
14. Байтасқалиев Бидісұл Байтасқалиев
15. Азбергалиева Райса Азбергалиева
16. Далашев Мұхаммедқали Далашев
17. Қашықова Зәурке Қашықова
18. Абдиев Шырбек Абдиев
19. Зекеларқина Әлима Зекеларқина
20. Қетесов Құрманбек Қетесов
21. Қетесов Бердібек Қетесов
22. Әлимова Мәлімбай Әлимова